

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ**  
**«Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті» коммерциялық емес**  
**акционерлік қоғамы**

Мал шаруашылық өнімдерін өндіру технологиясы кафедрасы

**Өндірістік практика бойынша есеп**

Орындаған: Қасейнова Г.

ТППЖ-401

# Студенттердің практикадағы міндеттері:

1. Шаруашылықтың орналасқан жерін, негізгі бағытымен танысу.
2. Ірі қараны күтіп-бағу және азықтандыру.
3. Азық тарату техника түрлері.
4. Азық түрлері және мөлшері.
5. Ірі қараға берілетін азықтарды сақтау орындары.
6. Ірі қараны сырғалау.
7. Қораның негізгі құрылыс заттары

# Кіріспе

- Біз Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақжар селолық округінде орналасқан «Жаксылық» ШҚ-да өндірістік практикадан өттік.



## «Жақсылық» ШҚ-на сипаттама.

- «Жақсылық» шаруа қожалығы 2006 жылдың қараша айында құрылған. Шаруа қожалығының бастапқы өндірістік мекенжайы – Алматы облысы, Балқаш ауданы, Ақжар селолық округі және Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мынбаев селолық округі. Шаруашылықта 11644 бас ірі қара бар, оның ішінде «Қазақтың ақбас» - 3700, «санта-гертруда» – 4033, «Әулиекөл» – 3911 бас. Сонымен қатар 7500-ден астам жылқы бар.





- «Асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылық» деген мәртебеге ие. Шаруашылық жергілікті асыл тұқымды «Қазақтың ақбас» тұқымы, «Санта-гертруда», «Әулікөл» және Қазақтың асыл тұқымды «Жабы» жылқысын өсіруді қолға алды. Ауыл шаруашылығын өркендету, ет өндіруді өнеркәсіптік жолға қою мақсатында 1500 басқа арналған мал бордақылау кешені және мал сою цехын іске қосты.



**Негізі шаруашылық бойынша мал бордақылау кешені 1500 басқа арналған. Суретте 50 басқа арналған бордақылау кешені. Бордақылау кешеніне 7 айдан бастап бұқашықтар жіберіледі. Олардың салмақтары 200 кг-нан басталады. Күніне 1000 гр салмақ қосу керек.**



Ауа райы салқын кезде төлдер мен ежелерін жабық қорада ұстап, азықтандырады. Басқа уақыттарда ашық қораларда ұстайды.





# Қысқа арналған жоңышқа





Астық сақтау қоймасы

# Мал сою цехының көрінісі



- **Техникалары: астық комбайн Енисей, трактор ДТ-75-М, белорусь-МТЗ, сенокосилка, пресс-подборщик, сеялка, соқа, тырма, трактор прицепі, стогометаталей, жатка ЖВП-6, жүкавтокөлігі, подгрузчик, ковш.**



- **Қазақтың ақбас тұқымы**-Қазақтың ең басты етті тұқымы. Етті ірі қара тұқымдарының ішінде оның үлес салмағы 90 пайыздан жоғары. Тұқым 1928-1950 жылдары дала, жартылай шөлейт аймақтарының жағдайында қазақтың жергілікті сиыры мен қалмақ сиырларын Уругвай мен Англиядан әкелінген геррефорд бұқалары мен өндіре будандастыру нәтижесінде алынған. Түсі қызыл-күрең, басы ақ, шоқтығынды, денесінің төменгі жағында және құйрығында ақ дақтары бар. Айтарлықтай ірі сиырларының тірі салмағы-480-520 кг, асыл тұқымдары зауыттарда-520-580 кг; бұқалардікі -800-900 кг, жекелегендердікі-1100-1300 кг, жаңа туған бұзауларынікі -23-30 кг, 7-8 айлық бұқашықтарынікі 200-220 кг, ұрғашы тайыншаларінікі -180-200 кг. Бұқашықтары 18 айлығында 500 кг, тайыншалардікі 380-400 кг салмақ тартады. Сойыс шығымы-57-60 %.



- **Санта-гертруда тұқымының тұқым ішінік (аймақтық) «Жетісу» типі – «Жетісу» тұқым ішіндік (аймақтық) типінің малы, негізгі тұқымдардың жағымды сапаларын өз бойына жақсы жинақтаған: санта-гертрудадан – ірі сабақты азықты тиімді падалану, ыстық климатқа төзімділік, жоғары өсу энергиясы, сүйек беріктігі және қан паразиттері ауруларына төтеп бергіштік, ал жергілікті қазақы малдан республикамыздың оңтүстік-шығысындағы қатаң континенталды климаттық жағдайына төзімділігі және өз төлінен көбею қабілетінің жоғарылығы.**
- «Жетісу» тұқым ішіндік (аймақтық) типінің малы, жоғары ет өнімділігімен ерекшеленеді. Бордақыланған 18 айлық бұқашықтарының салмағы 270-315 кг аралығында, сойыс шығымы – 55-57,5%. Сақа бұқаларының тірілей салмағы 800-900кг, сиырларыныкі 490-520кг. Сиырлары жеңіл бұзаулап, ұзақ жасайды, төлшілдігі 70-96%., сүттілігі 190-210кг. Еті сіңімділігі және технологиялық қасиеттері жағынан дүние жүзілік стандарттар талабына сай келеді.



- **Әуликөл тұқымы** Солтүстік Қазақстанда үш тұқымды (қазақтың ақбас, шароле, абердин-ангус) өндіре будандастыру арқылы алынған. Мақсатты будандастыруға қатысқан тұқымдардың аса бағалы сапаларын жинақтау: денесінің ірілігі, қарқынды және ұзақ өсу қабілеті, еттілігі шароле тұқымынан; тез жетілгіштік, етінің мәрмәрлігі, төлшілділігі, мұқылдығы абердин-ангустан; өсу аймағының жағдайына бейімділігі, төлшілдігі, етінің дәмдік сапасы қазақтың ақбас тұқымынан. Жаңа тұқым малы ет өнімділігінің жоғары көрсеткіштерімен сипатталады және Солтүстік Қазақстанның қатаң табиғи жағдайларына бейімделген. Бұқаларының тірілей салмағы 950-1050 кг, сиырларыныңкі- 550-650 кг, 18 айлық бұқашықтарыныңкі -479-526 кг, тайыншаларыныңкі-361-420 кг аралығында. Әуликөл тұқымы малының кеудесі кең және терең, денесі ұзын да кең, бөксе бөлігі жақсы жетілген, сан еті толық, басы жеңіл, ақшыл, күл түстес.



## Ірі қараларды сырғалау

- Сырғалау жұмыстын шаруашылықтағы мал мамандары атқарады. Олардың жұмыс орындары компьютермен жабдықталған. Әр ірі қараның реттік нөмірі компьютерлік базаға енгізіледі. Бұл мәліметтер ауылдан ауданға, одан облыс, республикаға жолданып, тіркеледі. Шара толық аяқталғанда, еліміз бойынша кімде қанша бас мал бар екені нақты көрініп тұрады. Жүйені ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі «Қазагромаркетинг» АҚ арқылы жүзеге асыруда. Осы есепке сәйкес Үкіметтен мал басына берілетін демеуқаржы көлемі, ауруға қарсы егілетін вакцина мөлшері анықталады. Сондай-ақ төлдің шығу тегін тіркеп, селекция кезінде жақын туыстық будандасудың алдын алуға мүмкіндік болады. Сырғадағы реттік нөмір бойынша ірі қараға құжат (паспорт) беріледі. Құжатқа малдың түр-түсі, иесі жазылады. Иесі өзгерген жағдайда ол да өзгертіледі. Сонымен қатар жыл сайын жүргізілетін қан алу, егуге байланысты барлық шара тіркеліп отырады.







**Малдардың құлатарына сәйкесетендіру сырғасынан басқа радиожілік белгісін тағады. Бұл тек бордақылауда тұрған бұқашықтарға тағылады.. Бордақылаудағы бұқашықтарды экспортқа шығарған кезде, етке өткізген кезде осы сырғалар арқылы тіркейді. Суретте көрсетілген сканер сырғаның толық санын көру үшін қолданылады.**



**Мал сырғалауға арналған қора ұзыннан орналасқан. Сол жерден қоршауға шетінен малдар жіберіліп отырады. Қоршаудың ішіне сырғалау уақытында 2 ірі қара сияды.**





# Экспортқа шығарылатын немесе тасымалданатын малды осы жерден көлікке тиейді



**Шаруа қожалық бойынша 1855,2 га егістік, 16170,3 га жайылымдық, 133,0 га шабындық, 109,0 га суармалы және 1136,1 га басқа да жерлері бар. Қазіргі таңда «Жақсылық» шаруа қожалығында 30 бақташы, 10 бақташы көмекшісі, 10 жылқышы, 6 механизатор, 2 зоотехник, 5 жүргізуші, 2 веттехник, 1 заңгер, басшылық аппаратында адам, барлығы 70 адам жұмыс жасауда.**

**Шаруашылықтың кеңсесі Алматы қаласында орналасқан. Кеңседе біз Республикалық мал шаруашылығы жүйесі – ИАС-пен (информационно-аналитическая система) жұмыс жасап үйрендік. Бұл жүйеде әрбір малға керекті барлық мәлемет көрсетілген. Яғни ата-тегі, ұрпағы, физиологиялық жағдайы, т.б.**



**Назарларыңызға рахмет!**